

Студенты КазНУ – чемпионы мира по қазақ күресі

Лидирующие позиции университета в спорте не только в стране, но и на международной арене подтверждают высокие достижения, талант и мастерство студентов КазНУ. Так, на III чемпионате мира по қазақ күресі братья-близнецы Гусман и Гумар Кыргызбаевы завоевали 2 золотые медали в категории до 60 и 70-ти килограмм соответственно.

Старший из братьев, Гусман в финальной схватке победил борца из Узбекистана. "Мы с братом поспорили до турнира, кто больше всего одержит чистых побед. Я его выиграл", - с улыбкой вспоминает Гусман.

«На заключительном поединке я одержал победу над спортсменом из Китая. На чемпионате собрались лучшие из лучших, все соперники были сильными. Сложнее на ковре было со спортсменом из Монголии, он использовал захват за верхнюю часть тела, а я, обхитрив его, провел приём через бедро», - поделился Гумар.

Братья Кыргызбаевы - студенты первого курса юридического факультета, они успешно совмещают учебу и тренировки. «КазНУ самый лучший университет. Здесь созданы все необходимые условия для активной жизни студентов. Преподаватели во всем нас поддерживают», - говорят палуаны.

Продолжение на 8 стр.

КУРС НА РЕЗУЛЬТАТ

Очередное заседание ректората традиционно началось с торжественных моментов.

На имя ректора и коллектива университета поступило поздравительное письмо Председателя Ассоциации выпускников КазНУ им. аль-Фараби, Председателя Верховного суда РК Кайрата Мами по случаю улучшения позиции КазНУ в глобальном рейтинге QS.

«КазНУ по праву принадлежит ключевое место в системе подготовки высококвалифицированных кадров в нашей стране. Многие его выпускники заняты в самых важных секторах экономики, науки, государственного управления, в том числе за рубежом. Самое главное, что КазНУ, не останавливаясь на достигнутом, ведет системную работу по совершенствованию образовательного процесса, аналитической и научной работы. Ассоциация выпускников КазНУ готова на постоянной основе оказывать всемерную поддержку всем инициативам по дальнейшему развитию вуза. Желаю ректорату и всему профессорско-преподавательскому составу университета новых достижений и успехов в деятельности КазНУ», - сообщается в поздравительном письме Кайрат Мами.

Состоялась церемония награждения студентов юридического факультета Ғұсмана и Ғұмара Қырғызбай. Ректор КазНУ им. аль-Фараби Галымқайыр Мутанов поздравил двух братьев-близнецов и вручил почетные дипломы за триумфальную победу. На чемпионате мира в Китайской Народной Республике по қазақ күресі спортсмены завоевали 2 золотые медали.

Продолжение на 2-стр.

«ӨЗ ТІЛІҢДІ ҚҰРМЕТТЕ!»

Тіл – адам баласының қарым-қатынас жасауға арналған бірегей құралы. Тілсіз ұлт болмайды. Ұлттың мәдениетін, тарихын, салты мен дәстүрін жаңғыртатын, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін тіл.



Қазақстан — көп ұлтты мемлекет. Бірақ ұлттың басым бөлігі қазақтар болғаннан кейін ондағы ең негізгі тіл, яғни мемлекеттік тіл — қазақ тілі. Конституциямыздың жетінші бабының бірінші тармағында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі деп анық жазылған, Ата Заңымыздан туындаған «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңында да осы жағдай берік қамтылған. «Тіл туралы» Заңда «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстан Республикасының әрбір адамзатының парызы» — деген. Әрине, ұлттың ең бірінші әрі ең қасиетті сипаты — оның ана тілі. Ұлт анасы тіл болып есептеледі. Сонымен бірге ол ұлттың өмір сүруінің бірінші шарты. Біздің азаматтық парызымыз — тіл заңындағы талаптарда жүйелі түрде жүзеге асыру. Ол тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларынан да көрініс тапты.

Елбасының «Үш тұғырлы тіл» саясатының мәні мен маңыздылығы қоғамда терең түсіндіріліп, іске асырылуда. «Үш тұғырлы тіл» деп отырғанымыз, ана тілің үшеу деген сөз емес. Өз тілің өзіңе өгей болмау керек. Ал өзге тілге құрмет көрсете отырып, оның меңгеру — бір жағы ғылым мен білімге пайдасын тигізсе, бір жағы қарым-қатынас жасауға үлкен жол ашу деген сөз.

Жыл сайын еліміздегі ең елеулі мерекелердің бірі — 22 қыркүйек Қазақстан халқының Тілдер күнін Қазақ ұлттық университеті кең көлемде атап өтуді дәстүрге айналдырған. Биыл да университетте 19-24 қыркүйек аралығында «Тілдер апталығы» барлық факультеттерде зор қарқынмен өтті. Әр факультет, әр кафедра тілге деген құрметтерін әнмен, бимен, әдеби кештермен, түрлі зияткерлік сайыстарды ұйымдастыру арқылы жеткізді.

Аптаның қорытынды гала-концерті «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген тақырыппен 28 қыркүйек күні филология және әлем тілдері факультетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы мен қазақ тіл білімі кафедраларының ұйымдастыруымен өтті.

Аптаның қорытынды концертіне арнайы шақырылған құрметті қонақтар, тіл жанашырлары, факультет ұстаздары мен студенттер қатысты. Жалпы концерттік бағдарлама аясында тілдің мерейін көтеретін көптеген өлеңдер оқылып, сахналық көріністер көрсетілді.

Қос ішектің құлағында ойнаған студенттердің күйлері жұрт көңілінен шығып, тіл туралы шырқалған әндер есте қалды. Жүргізушілердің үш тілде сайрап, ешқандай қателікке бой алдырмай, сауатты сөйлеуі де адамды сүйсіндірді. Көрініс кезінде тілдің халін көрсету арқылы студенттер қоғамдағы әлеуметтік мәселені қозғап өтті. Әрбір орындалған көріністердің астарында тілдің, ана тілдің асақтығын көтеретін мәртебелі ой жатты. Оны әркім әртүрлі қабылдап жатса да, тақырып аясында болып жатқанын аңғарып отырды.

Атап өту керек, биылғы тіл фестивалінің ерекшелігі — әрбір өткен шараның үш тілді қамтуы талап етілген болатын. Бұл студент жастардың зияткерлік қабілетін арттыруға, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгеріп білім саласында озық нәтижелерге жетулеріне негізделді. Ал, ана тілімізді құрметтеу, оның құндылығын түсіндіру — ең басты мақсат болып қала бермек.

Тіл мерейі — елдің мерейі. Тілдің ұзақ жасауы — сол ұлттың, елдің ертені. Ал тілдің көп қолданысқа түсіп, тез таралуы — сол елдің жеңісі. Жеңісті күндер көп болсын!

Тәрбие департаменті

Тіл мерекесі туралы топтаманы 4-5 беттерде ұсынамыз

БҮГІНГІ САНДА:

ДЕНЬ ИНСТИТУТА
КОНФУЦИЯ

2-стр.



ӘЛ-ФАРАБИ
КІТАПХАНАСЫНА ҚОШ
КЕЛДІҢ, СТУДЕНТ!

3-бет



«ЧЕЛОВЕК БЕСПОКОЙНОГО
СЕРДЦА...»

6-стр.



РЕКТОРАТ

Продолжение. Начало на 1 стр.

Коллектив Казахского национального университета им. аль-Фараби поздравляет Ғұсман и Ғұмар с триумфальной победой на чемпионате мира.

На повестке дня очередного заседания ректората КазНУ им. аль-Фараби рассматривалось несколько вопросов. В частности, первый проректор Мухамбеткали Буркитбаев рассказал о формировании индикативных показателей на 2016-2017 учебный год, где были указаны все направления с определенной шкалой оценки. Так, например, выпущенные учебники с грифом МОН РК в рамках учебно-методической работы оцениваются в 36 баллов, учебники и учебные пособия с грифом УМО РУМС и учебные пособия, рекомендованные РИСО, получают по 15 баллов. Особое внимание было акцентировано на преподавателях, читающих лекции на английском языке. Они должны иметь сертификаты IELTS (не менее 6.0), что даст возможность оценивать их деятельность в новом формате.

Учитывая процессный менеджмент, со следующего года университет должен перейти на полную международную аккредитацию образовательных программ вместо сертификатов. Данная процедура даст возможность поднять образовательные учебные программы на новый международный уровень, что, в конечном итоге, положительно скажется на имидже университета.

По научно-исследовательской и инновационной деятельности также пересмотрена шкала оценок по социально гуманитарным, естественнонаучным

КУРС НА РЕЗУЛЬТАТ



наукам, по объему финансирования научных исследований со стороны индустрии, бизнеса и др. институтов развития. Как отметил первый проректор, университет полностью перейдет на публикацию научных изданий, входящих в базу данных Skopus. В итоге научные статьи ученых и преподавателей университета, опубликованные на английском языке, будут индексироваться по высоким баллам. Немаловажным аспектом является то, что профессора и преподаватели, привлекающие зарубежных специалистов и студентов в международную научную и образовательную деятельность за счет университета, также будут поощряться баллами. Социально воспитательная работа будет оцениваться по количеству

воспитательных мероприятий, имиджевых выступлений о достижениях КазНУ, выступлений в СМИ о КазНУ зарубежных ученых и студентов, выпускников. Полученные соответствующие баллы по социально-воспитательной работе будут формировать индикативные показатели. В завершение презентации профессорско-преподавательскому составу был представлен регламент работы по заполнению индикативных планов на 2016-2017 учебный год.

Второй вопрос, включенный в повестку дня заседания ректора, был посвящен внедрению процессного подхода в деятельности Центра карьеры и профессионального развития (ЦКПР). Как отметил директор ЦКПР Мурат Сейсембиев, одна из главных

задач Центра - добиться высокой конкурентоспособности студентов и выпускников КазНУ на рынке труда и успешное трудоустройство их по профилю подготовки. Данная цель достигается многими путями задачами: реализация концепции непрерывной практической подготовки, обеспечение соответствия компетенций выпускников университета потребностям работодателей, привлечение работодателей к процессу разработки и реализации оценки потребности.

Отмечая важность каждой задачи, Мурат Сембиев ознакомил профессорско-преподавательский состав с пошаговым процессным менеджментом по трудоустройству студентов, методами генерации финансовых потоков в рамках профессионального развития, системой мониторинга трудоустройства выпускников КазНУ, целевыми показателями на 2016-2017 учебный год и многим другим. В завершение презентации (координаторам образовательных программ совместно со службой методической работы, заведующим кафедр, директорам департаментов) был представлен проект постановления для осуществления успешного трудоустройства и поднятия высокой конкурентоспособности студентов и выпускников КазНУ на рынке труда.

Также на заседании ректората были обсуждены и другие вопросы, в частности, итоги поездки в Израиль директора технопарка Амирхана Темирбаева.

Караш МЕДЕТ

Казахский национальный университет имени аль-Фараби посетил представитель Турецкого агентства по сотрудничеству и развитию (ТИКА) в Казахстане.

ТИКА в КазНУ

В КазНУ им. аль-Фараби состоялась встреча ректора Галыма Мутанова и представителя Турецкого агентства по сотрудничеству и координации Правительства Турецкой Республики в Казахстане господина Али Ихсана Чаглар.

Ректор КазНУ подробно ознакомил гостя с научно-образовательной и инновационной деятельностью университета, рассказал о достижениях и реализуемых проектах вуза. Особое внимание на встрече было уделено вопросам сотрудничества и развитию уникальных инфраструктурных проектов университета. Стороны выразили готовность к дальнейшей совместной работе.

Али Ихсан Чаглар отметил, что КазНУ в 2016 г. признан лучшим университетом Тюркского мира и организация ТИКА готова оказать максимальную поддержку университету в продвижении проектов.

Агентство ТИКА было основано в 1992 году с целью предоставления технической помощи и развития отношений в сфере экономики, торговли, техники, культуры, образования и социального развития. В настоящее время ТИКА имеет свои координационные офисы в 20 государствах и осуществляет проекты и деятельность в 100 странах мира.

Соб.корр.

День института КОНФУЦИЯ

Институт Конфуция при КазНУ им. аль-Фараби провел праздничную церемонию в честь Всемирного Дня Институтов Конфуция.

Празднование Всемирного дня Институтов Конфуция в университете стало уже доброй традицией, которая включает в себя формат мероприятий, направленных на взаимопонимание казахстанской и китайской студенческой молодежи, на расширение сотрудничества в сфере образования.

Институт Конфуция при КазНУ является ведущим центром подготовки высококвалифицированных специалистов по китайскому языку в Республике Казахстан. Деятельность Института вносит большой вклад в привлечение к изучению иностранного языка талантливой молодежи, повышение качества преподавания, развитию межкультурных коммуникаций и тесного сотрудничества с университетами Китая.

В рамках мероприятия был проведен круглый стол на тему «Китайский язык в вузах города Алматы: состояние и проблемы». Эксперты обсудили вопросы касательно методик преподавания языка и обеспеченности вузов учебными материалами. Преподаватели кафедры



китаеведения КазНУ отметили о проблемах и поделились опытом с коллегами из других университетов. Также были проведены различные мастер-классы по каллиграфии, вырезанию из бумаги, а также тайцзицюань. Студенты кафедры китаеведения приняли активное участие в проводимых образовательных и культурно-просветительских мероприятиях.

На празднике присутствовали представители генерального консульства КНР в Алматы, иностранные гости из Китая, Румынии и Македонии, а также преподаватели и студенты кафедры китаеведения КазНУ и других высших учебных заведений, где преподается китайский язык.

Соб.корр.

5 қазан күні Халықаралық Абай клубының және «AMANAT» әдеби журналының 15 жылдығына арналған салтанатты шара өтеді



Әл-Фараби кітапханасына қош келдің, студент!

белгілі суретші А.Ақанаевтың жұмыстарын тамашалады.

Кітапханалық-библиографиялық сабақтарда кітапхана қызметкерлері студенттерге кітапханаға тіркелу ережелерін түсіндірді. Интерактивті технологияларды пайдалана отырып, каталогтармен қалай жұмыс істеу керек, қажет ақпаратты қалай табу керек, электронды деректер қорын қалай қолдану керек екенін түсіндіріп айтып берді.

Ірі мәдени-ақпараттық және білім беру орталығы болып табылатын әл-Фараби

кітапханасымен танысу университеттің әрбір студенті үшін межелі оқиға болып, әрі қарай студенттік өмір кезеңінің маңызды бөлігіне айналатынына сенімдіміз.

Құндыз КӨБЕГЕНОВА,
Әл-Фараби кітапханасының
кітапханашы-менеджері

Әл-Фараби кітапханасында бірінші курс студенттеріне арналған таныстыру экскурсиялары мен кітапханалық-библиографиялық сабақтар өткізілді. Кітапхана қызметкерлері барлық 15 факультеттің бірінші курс студенттерін қамти отырып, 59 таныстыру экскурсиясын өткізді. Сонымен қатар, қазақ бөлімінен – 820, орыс бөлімінен 457 бірінші курс студенті қатысқан кітапханалық-библиографиялық сабақтар жүргізілді.

бойынша оқу әдебиеті мен ғылыми, көркем әдебиеттер берілетін абонементтер көрсетілді. Сондай-ақ, бірінші курс студенттері классикалық оқырман және мерзімді баспасөз залдарында болды.

Студенттер үшін белгілі баспалардың электронды деректер қорына қосылған электронды кітапхана қызмет ететіні айтылды. Сондай-ақ бірінші курс студенттері оқырмандардың жұмыс істеуіне ыңғайлы болу үшін электронды кітапхананың залы интернетпен жұмыс істеу аймағына, графикалық бағдарламалар, деректер қорымен жұмыс істеу аймақтарына және лингафон, wi-fi, спутниктік телевизия аймақтарына бөлінгенін көрді.

Студенттер игілігі үшін кітапханада демалуға, достарымен шахмат ойнауға болатын коммуникациялық-релаксациялық аймақ пен кафетерий де бар. Студенттер әлем елдерінің кітап бұрышымен танысып, шетелдік қонақтар сыйлаған картиналар мен фотосуреттер,



День ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ

На военной кафедре КазНУ им. аль-Фараби в соответствии с планом воспитательной и военно-патриотической работы состоялся День открытых дверей для учеников старших классов 13 школ Бостандыкского района города Алматы. Мероприятие было направлено на перспективное профессионально ориентированно и военно-патриотическое воспитание молодежи.

В рамках встречи школьникам рассказали об истории ведущего вуза Казахстана – КазНУ им. аль-Фараби, его достижениях и конкурентных преимуществах, возможностях и перспективах обучения в университете, а также показали фильм о военной кафедре КазНУ.

Экскурсия началась в учебно-тренировочном комплексе военной кафедры КазНУ. Каждую группу старшеклассников сопровождал офицер, который рассказал об особенностях учебы и военной подготовке студентов. Вниманию школьников были представлены экспонаты по истории военной кафедры, в аудитории военно-патриотического воспитания молодежи им представилась возможность подержать в руках и сфотографироваться с оружием времен Великой Отечественной войны. Далее их повели в учебный корпус, где располагаются основные классы военной кафедры. При осмотре аудиторий, где готовят командиров для войск противовоздушной обороны, ученики получили возможность ознакомиться с действиями расчета зенитной установки ЗУ-23, некоторые из них попробовали себя в роли членов боевого расчета ЗУ-23.

В именной аудитории Героя Советского Союза Бауыржана Момышулы ученики с интересом посмотрели эпизод фильма «За нами Москва», где только назначенный командиром



полка молодой панфиловец принимает решение на ведение боя у деревни Крюково. Из рассказа о народном батыре школьники узнали, что Бауржан Момышулы в боях под Москвой 5 раз выводил личный состав, технику и вооружение из окружения, за что был представлен к награждению орденом Ленина.

В аудитории народного героя Казахстана, Героя Советского Союза Сагадаты Нурмагамбетова старшеклассники увлеклись рассказом о боевом пути первого министра обороны Республики Казахстан, который в тяжелые для Родины годы находился в горниле войны вместе с теми, кто совершал свои боевые подвиги, с теми, кто проливал кровь, не жалея жизни ради идеи свободы. Будучи Министром обороны, Сагадат Нурмагамбетов заложил фундамент для создания национальных

Вооруженных Сил, внес ощутимый вклад в укрепление обороноспособности государства.

День открытых дверей стал одним из цикла мероприятий, посвященных 25-летию Независимости Казахстана, 25-ой годовщине Вооруженных Сил Республики Казахстан и направлен на воспитание у молодежи чувства долга и любви к Родине.

У многих школьников остались приятные впечатления от встречи. Каждый из них с уверенностью объявил о желании поступать по окончании школы в КазНУ им. аль-Фараби!

Степан ШАРНИН,
заведующий лабораторией цикла
воспитательной и идеологической работы
военной кафедры
КазНУ имени аль-Фараби

ВСТРЕЧА С УЧЕНЫМ-ТЮРКОЛОГОМ

По случаю празднования Дня языков народа Казахстана, на кафедре TURKSOY КазНУ им. аль-Фараби прошла встреча с известным ученым - археологом Напилом Базылханом. Студенты и молодые ученые факультета востоковедения организовали мероприятие в рамках очередного заседания клуба «Құтты білік».

Ученый тюрколог владеет древнетюркским, османским, современным турецким, шагатайским, древнемонгольским, современным монгольским, древнеманьчжурским, японским, русским, английским языками.

На встрече Напил Базылхан рассказал о исследованиях, связанных с миром тюркологии, а также научных экспедициях, проведенных в этой области. Студентам Напил Базылхан прочитал текст политического и военного деятеля Второго тюркского каганата Тоньюкука в оригинале:

Йок чыгай будунуг көп кобартдым,
Чыган будунуг бай кылтым.
Аз будунуг үкүш кылтым,
Азу бу сабымда ігің барғу?

Как сказал ученый, «справедливым было бы древнетюркскую самобытную письменность называть не руническим письмом, как это принято сегодня, а «тыгк битик» — «тюрк битик», об этом упоминается в самих оригинальных древнетюркских текстах.

В завершение встречи, заведующий кафедры TURKSOY, профессор Қажыбек Ерден Задаулы поблагодарил Напил Базылхана за содержательное выступление, пожелал ему дальнейших успехов и новых научных открытий.

Баян МАЙДАНҚЫЗЫ,
магистрантка 1 курса
специальности «Тюркология»,
интеллектуальный клуб «Құтты Білік»

Үш тұғырлы тіл – ЗАМАН ТАЛАБЫ

«Шығыс әлемі» студенттік ғылыми-танымдық клубының ұйымдастыруымен халықаралық қатынастар факультетінде Қазақстан Республикасы халықтарының Тілдер мерекесіне арналған «Үш тұғырлы тіл – заман талабы» атты дөңгелек үстел өтті.

ҚР халықтарының Тілдер мерекесіне арналған дөңгелек үстелді «Шығыс әлемі» студенттік ғылыми-танымдық клубының жетекшісі алғы сөзбен ашып, осы мерекенің тек біздің елімізде ресми түрде атап өтілетініне тоқталды. Сондай-ақ студенттерге ғылым жолында шығармашылық табыстар тіледі. Дипломатиялық аударма кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары А.Ш. Сүлеймен «Үш тұғырлы тіл – заман талабы» тақырыбының қазіргі уақытта өте өзекті орын алатынын айта кетіп, жастарды жан-жақты, жасампаз болуға шақырды.

Факультеттің студенттік деканы, магистрант Нұрсұлтан Бекқайыров және факультеттің биылғы түлегі Саниям Абдумасарова 1-курс студенттеріне факультетте көптеген клубтар мен



студенттік ұйымдардың қызмет ететінін, соның ішінде «Шығыс әлемі» студенттік ғылыми-танымдық клубының ерекше орын алатынын, осы клуб аясында Тіл тақырыбына байланысты өткізілген кештер мен конференциялардың жағымды әсер қалдырғандығын атап өтті.

Халықаралық қатынастар факультетінің «Халықаралық құқық» бөлімінің 3-курс студенттері Слета Виктория – «Қазақ тілінің мәртебесі», Айзада Қойшыбекова – «Орыс тілінің мәртебесі», Элина Карапетян – «От идеи «Триединства

языков» до полиязычного образования в Республике Казахстан» тақырыптарында баяндама оқып, тілге байланысты шыққан мемлекеттік құжаттармен таныстырды. Сондай-ақ мемлекеттік тілдің, ресми тіл – орыс тілінің, халықаралық тіл – ағылшын тілінің мәртебесі жөнінде де баяндады. «Халықаралық құқық» бөлімінің студенттері Мадия Тлеулина «22 сентября – День языков народов Казахстана», Диана Семькина «Халықаралық құқық» бөлімі – «Глава государства о языке», Надиранури Ахмедиева «Афоризмы и

цитаты о языке» атты баяндамалар оқып, презентациялар көрсетті. Дипломатиялық аударма кафедрасының оқытушылары ағылшын, француз тілдерінің мамандары ретінде М.К. Макишева, Г.А. Карипбаева, Г.О. Мұхаметқалиева өз ойларымен бөлісіп, жастарды ешқашан ана тілдерін ұмытпай, қастерлеп, қадірлеуге шақырды және әр тілдің өзіндік ерекшелігі мен қасиеттері бар екенін атап өтті. Дөңгелек үстел тақырыбының пікірсайысына «Халықаралық құқық» бөлімінің 3-курс студенті Данил Гаврин белсенді қатысып, сауалдарын тек қазақ тілінде қойып отырды. Түркіменстаннан келген студенттер Мекан Тайлыев, Өзбекстаннан келген Азизбек Насруллаев та тіл туралы өз ойларын білдірді.

Іс-шараны халықаралық құқық кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, з.ғ.к., доцент А.Ж. Тусупова қорытындылап, дөңгелек үстелге қатысқан барлық оқытушылар мен студенттерге шығармашылық табыстар тіледі.

С.Б. БӨРІБАЕВА,

*Халықаралық қатынастар факультеті
«Шығыс әлемі» студенттік клубының
жетекшісі, ф.ғ.к., доцент*

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Әр адам өзінің тілін шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап құлағына сіңіруі тиіс. Себебі, тілін білген адамның ғана бойында патриоттық сезім қалыптасады. Олар елге, ұлтқа пайдалы мәселелерді қозғап, жауапкершілікті сезінеді. Өйткені, мемлекеттік тілді дамыту – елімізде аса маңызды да, ең өзекті мәселе.



«Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы №3827 Жарлығымен бекітілген тізбеге сәйкес қыркүйек айының үшінші жексенбісі «Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні» болып белгіленгені баршамазға мәлім. Осыған орай қасиетті қара шаңырақта Экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттері мен оқытушылары тілдер мерекесін айрықша атап өтті. Тіл апталығы аясында «Қаржы» кафедрасы «Ана тілің – арың бұл» атты мерекелік іс-шаралар өткізді.

Шаралардың басты мақсаты – жастарға ана тілімізді ардақ тұтып, өзге тілді игерудің және де елімізде тату-тәтті өмір кешіп жатқан ұлттар мен ұлыстардың тіл мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу. Сонымен қатар өз ана тіліміздің тазалығын, көркемділігін, байлығын, шешендігін, әуезділігін сақтай отырып, ана тіліне сүйіспеншілікті арттыру, мемлекеттік тіл мәселесін көтеруге үлес қосу. Шын мәнінде, тіл ұлттың жаны, ары және бірліктің бастауы. Қай ұлт болса да оның басты құндылығы тілі екені даусыз. Қазіргі ғылым мен техниканың заманында қазақ жастары әлемдік интеграция үрдісіне ілесіп,

дүниежүзінде нарық пен ғылымның тілі болған ағылшын, қытай, неміс тілдерін игеру – заман талабы. Әлемде дамыған елдердің бірі Жапонияда жас ұрпағына әуелі ана тілін толық меңгермей тұрып, өзге тілді үйретуге рұқсат бермейді. Әрине, бұл да игі дәстүр. Осы тұрғыдан аталмыш шара барысында жастар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасып, ана тіліміздің қадірін түсінумен бірге өзге тілдерге құрметпен қарау туралы тұшымды ойларымен бөлісті.

А.С. АСИЛОВА,

*«Қаржы» мамандығы
студенттерінің кураторы*

ТІЛ – ТІРЕГІМІЗ, СОҒЫП ТҰРҒАН ЖҮРЕГІМІЗ

Жуырда Тілдер апталығы аясында бейіндік мектепте «Мемлекеттік тіл – Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл» атты іс-шара өтті.

Мақсаты – оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту, ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, Қазақстанда тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің кітапханасында өткен іс-шарада қабырға газеттері ілініп, қанатты сөздер жазылды, ұлы тұлғалар портреттері мен кітаптары, оларға арналған рефераттар қойылды. Бұл мерекеге байланысты өткізілген бір келелі іс – оқушылардың «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіппен кездесуі болды. Танымал журналист туған тілдің бүгінгі мәселелері, өзінің өмірі мен шығармашылығы, басшылық етіп отырған газеті жөнінде қызықты әңгімелер айтып, жақында жарық көрген «Мың құмырсқа және біз» атты кітаптарын өзіне мағыналы сұрақ қоя білген оқушыларға тарту етті. Кездесу өте қызықты да тартымды өтті.

Алтын ӘСЕМБАЕВА,

ҚазҰУ-дың бейіндік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Филология және әлем тілдері факультетінде «Көкжиек» клубының ұйымдастыруымен «Парасатқа тағзым» атты әдеби кеш өтті

Кез келген мемлекет үшін ана тілі – қастерлі, құдіретті. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – жалпы ұлттың мәселесі. Қазақ тілі өте бай, көркем және айтуға оңай, орамды тіл.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – рухани байлық

Тіл адамдардың бүкіл саналы өмірінде басты құрал: тіл арқылы білім-ғылымды үйренеді, қоғаммен қарым-қатынас жасайды, мәдениетті үйренеді. Тіл құрыса, бүтін бір ұлт, ел жойылады. Әр адамның өзінің туған тіліне деген махаббаты, сүйіспеншілігі болуы тиіс. Сонда ана тіл ешқашан жер бетінен жойылмайды деп ойлаймын.

Еліміз үшін айтулы мерекелердің бірі болып саналатын бұл мейрамды ҚазҰУ-дың студент жастары да ерекше атап өткен болатын. «Экономика» кафедрасының ұйымдастыруымен «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» атты үлкен іс-шара өтті. Бұл мерекеге оқытушылар мен студенттер белсене атсалысты.

Студенттер құлақ құрышын қандыратын әсем патриоттық ән айтып, өнерпаз жастар ұлттық би биледі. Көңіл-күйді көтере отырып, тілге деген шексіз құрметтерін көрсете білді. Тіл туралы терең ойларын жеткізген ақын, жазушыларымыз қаншама. Кешімізде сол ақындарымыз бен ойлы

жазушыларымыздың есті сөздері жүрек тебіренертердей көрермендерге жеткізілді. Тағы бір студенттер өздерінің от ауызды, орақ тілді, жүйрік ойлары арқылы қазақ тіліне арналған поэзиялық шығармаларын оқып, бір мезетте терең ойға батырды. «Ана тілімізді сақтау үшін, әр адам өзінен бастап, Отанын, туған тілін сүюі қажет», – деп студенттер кесіп, нақты өз ойларын жеткізді. Ұлт тағдыры, тіл тағдыры кімді де болса, бей-жай қоймайтыны анық. Бірақ осындай «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» жастар барда, туған тіліміздің болашағы жарқын боларына сенім мол.

Егемендігіміз баянды, ұлттық рухымыз биік, тіліміз тұғырлы болсын десек, ана тілін көзіміздің қарашығындай сақтап, құрмет көрсете білуіміз қажет!

Айман БАТЫР,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің 4-курс студенті

Мәңгілік елдің Мәңгілік тілі

Ана тілі – асыл қазына, баға жетпес мұра. Ана тіліміз бізге ананың сүтімен, өкенің қанымен бойымызға дарыған ең басты құндылығымыз. Қазақ қазақ болғалы жері мен елін, діні мен тілін көзінің қарашығындай қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдырды.



Осы тілдің қадір-қасиетін жете түсіну қазіргі заманның басты көкейтесті мәселесі болғандықтан, тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мәдени іс-шаралар жүргізілуде. Соның бірі тарих, археология және этнология факультетінде Тілдер апталығы аясында «Тіл-тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты мерекелік іс-шара болып өтті.

Бұл шараға факультетіміздің «кітапхана ісі» мамандығының 1, 2-курс студенттері белсене қатысып, тілге деген сүйіспеншіліктерінің жоғарғы дәрежеде екендігін дәлелдеді. От ауызды, орақ тілді шешендеріміз тіл туралы макалдар сайысында тапқырлығын көрсетсе, әдебиетке жаны құмар ақын қыздарымыз өз шығармашылықтарын ортаға салды. Қазақтың қара домбырасымен суырып салма ақын жігітіміз өз арнауын

тілге тиек етті. Әсем әуезді әндермен халықты патриоттық сезімге бөледі. Осы орайда, жастарымыз жалындай жанып тұрғандығын, ана тілін сүюдің биік сезім екендігін көрсете білді.

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі. Демек, тілдің орны ерекше. Міне, ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз. Жыл өткен сайын ана тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде.

Қорыта келгенде, Абай әрлеген тіл, Жамбыл жырлаған тіл, Мұқан сүйген қазақ тілі, Мәңгілік елдің Мәңгілік тілі болып қала береді!

Айханым АБИЛКАЙРОВА,
тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс студенті, эдвайзер: Т.Н. МҰҚАЖАНОВА

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы тіл екені даусыз. Ана тілі арқылы – әр адам өз ұлтының жан дүниесі мен мәдениетінен, ғасырлар бойы жиган рухани азығынан нәр алады.



Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1997 жылы 11-шілдеде Қазақстан Республикасының Парламенті «Тіл туралы» жаңа Заңын қабылдады. 2007 жылы «Мемлекеттік тіл жылы» деп жарияланды. Содан бері 22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер мерекесі деп аталып келеді. Бұл барша елге ортақ, жалпы халықтың мереке, барлық ұлт өкілдеріне көрсетілген құрмет деп ойлаймын. Қазақстанда 100-ден астам ұлт өкілдері тұрады, әрбір ұлттың ең үлкен, ең негізгі анасы туған тілі болып саналады.

Ана тілі – әрбір ұлттың, ұлыстың мақтанышы, көзінің қарашығындай көретін қазынасы, асыл мұрасы. Осы Асыл мұрамызды ұлағаттау мақсатында биология және биотехнология факультетінде

биофизика және биомедицина кафедрасының 1-курс студенттерінің ұйымдастыруымен, кафедрадағы куратор-эдвайзерлердің атсалысуымен «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты салтанатты жиын өтті. Студенттерге тіл ұлттың жаны, халықтығының асыл белгісі, намысы, тыныс тіршілігіміздің көзі екендігі айтылып, оны құрметтеу, қорғау, келешек ұрпаққа жеткізу – Қазақстанның бақытты да парасатты, білімді де еңбекқор ұл-қыздары, бізге аманат екендігі түсіндірілді. Кафедра меңгерушісі профессор Сұлтан Төлеуханұлы мен профессор Нұртай Торманұлы еліміздің көрнекті ақын жазушылары жырлағандай, тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті, әрі тарихи құндылық, достықтың кілті,

ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды екендігін атап өтті. Факультетімізде өткізілген осындай игі шаралардың нәтижесінде қазіргі жастарымыздың ұлтжанды әрі арлы, мәдениетіміз бен салт дәстүрімізді қадірлей білетін азамат болатындығына сеніміміз мол.

Олай болса ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың ұлы жемісі – ана тілі. Тілімізді қастерлейік деп осындай тәрбиелік мәні жоғары шараларды көптеп

өткізу студент жастарымызға тас бұлақтың тұңғыы да, ана сүтінің ұғымы да, райхан гүлдің жұпарлылығы да, назды сұлудың нәзіктігі де, сахар даланың жазықтығы да қасиетті қазақ тілінде екендігін үйретеміз.

Тілімізді, ділімізді қастерлейік!

Г.Қ. АТАНБАЕВА,
Ж.М. БАСЫҒАРАЕВ,
биофизика және биомедицина кафедрасының куратор-эдвайзерлері, б.ғ.к. аға оқытушылары



«ЧЕЛОВЕК БЕСПОКОЙНОГО СЕРДЦА...»

Роллан Шакенович Сейсенбаев – признанный классик мировой литературы, драматург, переводчик, издатель, академик Всемирной академии искусства и культуры. Его перу принадлежат такие романы, как «Если хочешь жить», «Лестница в никуда», «Трон сатаны», «Мертвые бродят в песках», «Тау басында түйіскен жолдар», вызвавшие огромный интерес читателей, общественности и критики. Наполненные глубоким драматизмом, философскими рассуждениями о смысле жизни, месте и назначении человека, размышлениями о вечных и общечеловеческих ценностях, произведения писателя сохраняют свою актуальность на протяжении многих лет, являясь предметом пристального изучения филологов, культурологов. Творчество Р. Сейсенбаева, по словам Г. Гачева, «содействует пробуждению самосознания, что так взыскуемо ныне нашими душами».



Мировую известность писателю принес роман «Трон сатаны» (1986). В данном произведении Р. Сейсенбаев повествует о жизни людей в местах заключения. Он мастерски воссоздает драматическую судьбу человека, оказавшегося на зоне, раскрывает психологию личности, в силу различных обстоятельств переступившей черту.

Данный роман вызвал огромный общественный резонанс. Он стал предметом обсуждения самого широкого круга читателей.

Каждое произведение писателя – многогранный, самобытный и неповторимый мир. Р. Сейсенбаев, будучи непревзойденным мастером слова, умеет передать тончайшие нюансы движения человеческой души, заглянуть в самую суть изображаемых им явлений и поднятых проблем.

Пьесы, повести, романы писателя в разное время были удостоены республиканских и международных литературных премий. Среди них такие, как премия ВЦСПС и Союза писателей (1982), премия Колумбийского университета (1994), Независимая премия

бизнесменов Казахстана «Тарлан» (2008).

Центральной темой творчества Р. Сейсенбаева является тема родины. Она проходит через все произведения писателя, становится предметом размышления его героев.

Согласно концепции прозаика, родина выступает, с одной стороны, мерилем нравственной памяти людей, с другой – своеобразным храмом их души. Поэтому герои Р. Сейсенбаева в наиболее сложные, критические минуты жизни вспоминают о своей земле, ауле, доме (смотрите, например, образ Сайлау в рассказе «Реквием по шубе»). С образом родины они связывают свое будущее. «...Для человека нет ничего дороже родной земли, – говорит польский режиссер Януш, герой повести «Дни декабря». – Человек может быть счастлив только на родной земле и только со своим народом!».

С темой родины тесно переплетается тема счастья. Практически все герои Р. Сейсенбаева задаются вопросом о том, что составляет сущность этого понятия. Так, о счастье размышляет автор в рассказе «Честь». Оно составляет основу раздумий героев повестей «Дни декабря», «Бегство».

Счастье в понимании писателя имеет несколько значений. Во-первых, оно ассоциируется с образом родины. Ибо, по мнению Р. Сейсенбаева, счастье – это возможность жить и умереть на своей земле, быть со своим народом (смотрите, например, рассказ «Честь», повести «Бегство», «Дни декабря»). Во-вторых, оно неразрывно связано с чувством любви. «А может это и есть счастье, – спрашивает себя батыр Кушикбай, глядя на джунгарскую девушку, – окунуться в бездонные глаза ее и сжимать в объятиях ее горячее тело, пока ладони не обожжешь?».

Произведения писателя пронизаны мотивами скоротечности, мимолетности счастья. Нередко оно противопоставляется страданиям, печали, тоске. «И что за упрямый нрав у жизни, – говорит герой рассказа «Честь», – счастье она дает по крупницам, наперечет, а горя и слез отваливает полной мерой...».

Особое звучание в творчестве Р. Сейсенбаева получила тема любви. На страницах своих рассказов, повестей, романов писатель раскрывает величие, подчеркивает роль и значение этого чувства в жизни людей. Любовь выступает своеобразной точкой отсчета, поворотным моментом в судьбе его героев. Благодаря ей они постигают глубинную суть бытия, открывают новые грани в собственном характере. Ибо возвышающая, облагораживающая, пронзительно-трогательная любовь преобразует пространство души героев, обогащает их внутренний мир.

Р. Сейсенбаев – видный общественно-политический деятель Казахстана. Он внес значительный вклад в воспитание молодого поколения, сохранение духовных ценностей казахского народа, культурного наследия прошлого и настоящего. В 1992 году по его инициативе был создан Фонд «Детям – жертвам ядерных испытаний». В 1993 году Р. Сейсенбаев представил на республиканском телеканале «Казахстан» программу «Мир Абая».

В 1995 году в столице Великобритании - г. Лондоне писателем был открыт Дом Абая. В 2000 году Р.Ш. Сейсенбаев учредил Международный клуб Абая и начал издание литературного журнала «Аманат», ставшего одним из наиболее популярных в Казахстане.

С 2012 года писатель возглавляет Институт народов мира, открывшийся при Казахском национальном университете имени аль-Фараби с целью популяризации классического наследия прошлого и настоящего.

В рамках журнала «Аманат» была создана 200-томная библиотека, в которую вошли произведения казахских и зарубежных писателей, сыгравших значительную роль в становлении и развитии мировой художественной культуры.

Алуа ТЕМИРБОЛАТ,

доктор филологических наук, профессор, заведующая кафедрой казахской литературы и теории литературы

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРІБЕ

БЕРЕРІ МОЛ БАҒДАРЛАМА

Мемлекетіміз болашақ мамандардың шетелдің алдыңғы қатарлы, белді ғылыми зерттеу орталықтары мен университеттерінде тәжірибе алмасуына кең жол ашып отыр. Осы ретт тарих, археология және этнология факультетінің дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы қосдипломдық білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда.

ҚР БЖҒМ-ның «PhD докторларды дайындау бағдарламасы» бойынша жүзеге асырылып отырған білім саласындағы байланыстар нәтижесінде бізге де беделді шетелдік университет кабырғасына барып, тарих саласында қызмет атқарып жүрген белгілі профессорлар құрамымен танысып, олардан дәріс тыңдау мүмкіндігіне ие болу мәртебесі тиді.

Отандық ғылыми жетекшім, белгілі ғалым, Гёттинген университетінің (Германия) Құрметті профессоры Қалқаман Тұсынұлы Жұмағұловтың ғылыми бағыт беруімен және университеттер арасындағы келісім-шарттар нәтижесінде Италиядағы ғана емес, сондай-ақ Оңтүстік Еуропадағы ЖОО рейтингісінде бірінші орынды иеленіп,

Еуропаның ең үздік университеттері арасында алдыңғы қатарда тұрған «La Sapienza» университеті кабырғасында қызмет атқарып жүрген профессор Фабио Грасси шетелдік кеңесші ретінде тағайындалды.

Сапиенза университеті Италия астанасында орналасқан мемлекеттік автономды университет және әлемдегі ең ескі білім ошақтарының бірі болып саналады. Бүгінгі таңда Европадағы күндізгі бөлімде оқитын студенттер саны жөнінен алдыңғы орындарды иеленеді.

1431 жылы Папа Евгений IV білім ордасын қайта құру кезінде бұл білім ордасында төрт жаңа факультет – құқық, медицина, философия және теология болған. Бірнеше тарихи оқиғаларды басынан кешірген бұл университет 1650

жылы «La Sapienza» деп аталынып, осы атаумен бүгінгі таңға дейін жетті. «La Sapienza» италян тілінен аударғанда «Даналық» деген мағынаны білдіреді. Кейіннен XIX ғасырдың 70 жылдары Сапиенза университеті папа университеті емес, Рим қалалық университеті саналды. 2007-2008 жылдары мәлімет бойынша Сапиенза университетінде 11 факультет жұмыс жасап, онда 140 250 студент білім алған. Италиян тілі бағдарламаларынан өзге шетелдік студенттерге екіжылдық магистратура бағдарламасы да бар.

«Ерте орта ғасырлардағы Византия империясы және түркілер» деп аталатын ғылыми зерттеу тақырыбым бойынша шетелдік кеңесші профессор Фабио Грасси жетекшілігімен Сапиенза университетінің кітапханасында тақырып аясында жарық көрген еңбектермен зерттеулерді жинақтап және тәжірибе алмасып, шетелдік білім беру ісінен тағылымдама алдым. Сапиенза университетінің кітапханасынан ғылыми

зерттеу жұмысыма байланысты бернеше еңбектер «The world of the hunns, Studies in Their History and Culture., Otto J. Maenchen-Helfen., 1973», «Attila et les hunns., 1952», «I grandi problem della storia bizantina., 1957», «Popoli delle steppe: Unni, Avari, Ungari (23-29 aprile 1987) I, II tome», «The making of Byzantine history., D.M. Nicol., 1998» жинақталды.

Сөз соңында білім дәнін бойымызға сіңіріп отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әлем университеттері арасында 236-орынға шығуымен шын жүректен құттықтай отырып, алар асуы әлі де көп болсын дегім келеді. Бізге білім әлемінде зор мүмкіндіктер ұсынып отырған туған университетімізге алғысымыз шексіз! Жайнай бер, өркендей бер, ҚазҰУ-ым!

А.П. АКИНОВА,

дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының 2-курс докторанты

Бекпенбетова Сандуғаш Серікқызы

1997 жылы ақпан айының екінші жұлдызында Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ш.Қодаманов ауылында дүниеге келген. Алматыдағы Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатының түлегі. Қазір ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті.



* * *

Тағы кеш...
Тыңдар шақ Түннің дүрсілін,
Тілінен Тілсіздің үн ұрлап...
Ғаламда — сезбеген күллің Тылсымын
ойларым қыдырмақ...

Көз жасындай Айдың сорғалап тамған —
Жаны жұмбақтау бір Қыз бар...
Сол әр тамшыларды қорғамақ болған —
ағады Жұлдыздар...
Ағады...
Ақ бұлтқа шекесін ұрып!
Жалғыздығым үшін күйеді.
Сезімімнің жырын неге сіміріп
өзгерді жиі Өңі?!

Түндегі...
Қалыпты тыныштықтардан
Тіл қатар Үнсіздік жар салып,
— Сыр шертіп жанармен, ұғыстық Қарғам,
білістік қаншалық?!

Жалғызға
...дауыс — Шу

... түнек — Қара түн,
Жатпайды Құрғырың жанды ұғып.
Үнсіздік — үн емес!
Жүрек жаратын —
Ең ұлы Жаңғырық!

Түн түсінбеген соң,
Көңілсіз — дала,
Ұғар Жан таппай аһ ұрды...
Мен ұғыну үшін тек үнсіз ғана,
Сүйгім келеді Ақынды...
* * *

...Күз үрлеп,
ағаштар таранды Бұрым,
Саудырай түсіп — шаштары...
Сіміріп түннің Қараңғылығын,
Тілініп жатыр — Аспаны!

Ол — Қыздың үні ғой...
Есті, Жарқыным!
Жапырақ мұнның дыбысын.
Алқымды ауыртқан өксік — әр Түнім,
Кім үшін, жүрек тынысым?!

Мен — Сүюді білгем!
Білмеппін бірақ,
Қуаныш — қайғы боларын...
Жанарда — жасым, жүрек тұнжырап,
Өртенбеген соң, Тоңамын!

...Тек Өлеңмен ғана өбеді демім,
Оқылған сөздің үні — Мұн...
Өртеніп өлгім келеді менің —
Өртенбеген соң, Тірімін!

Ұйқысыздығымен келген ұры түн!
Дамылдама еш!
Құрақ(ғ) ұш!

Ал менің жалғыз сенген Үмітім
Әр Қайғы соңы — қуаныш...

Тау Түймедағынан Сіз аялаған
Үнсіз "С...." деп үзілдім...
Мен — Жапырағымын Сіз аямаған
Он сегізінші Күзімнің...

* * *
«Жаз» деменіздерші!
Жазылады әлі...
Қар гүлі өссе Гүлзарға,
Тағдыры лайланған қазына бары —
Жаңбыры сіңген құмдарда.

«Аспандай көгілдір Көзіңмен суар!
Лас емес ол Гүл, тап-таза!
Бұл, бәлкім, Бейкүнә сезімнен шығар...
Қап-қара ойлар қаптаса.

Сен сакташы тек, көңіл сырларын,
Сенімнің аппақ жүзіндей.
Көзтұмарымдай өмір сұр, Жаным!
Моншак боп Көзден үзілмей...

Суытып салдық Күзді де, міне...
Суынған солай кешегім,
Мен сенін қардай Мұз жүрегіне
Қар гүлі болып өсемін!..»

«Жаз» демесе де,
Жазамын бүгін —
Жазылмас дертім үшін де!
Естіндер Ақынның азалы үнін
Жаңғырған Өлең ішінде...

тек «Жаз» деменіздерші..

«СҰҢҚАРДЫҢ» жаңа төрайымы тағайындалды



ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің Ө.Жолдасбеков атындағы үлкен залында «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының есептік-сайлау конференциясы өтті. Шараға университеттің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Ерболқызы бастаған топ пен студенттер қатысты.

Алғашқы сөзді кәсіподақ қызметін осы уақытқа дейін абыроймен атқарған Айдана Дәуренқызы алып, өзі атқарған бірнеше жыл ішіндегі толайым істер мен жобаларды, жарқын сәттерді, студенттермен тығыз байланыста болған кәсіподақтың ілкімді жұмыстары туралы тоқталып, қорытынды баяндамасын жасады. Сондай-ақ, өзі қызметтік еткен жылдар мен кәсіподақ туралы үзік сыр шертетін шағын бейнеролик көрсетілгеннен кейін, ресми бөлім сайлау жүйесімен жалғасты.

Толайым табыстарға жетіп, университеттік студенттік кәсіподақты биікке көтерген Айдана Дәуренқызын

құттықтаған Шолпан Ерболқызы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың алғысын жеткізді.

— Сізге «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағында атқарған жемісті еңбегіңіз үшін алғыс білдіремін! Сіз қоғамның ең белсенді студент жастарының көшбасшысы ретінде университетіміздегі студенттер кәсіподағының жұмысын жүзеге асыруда, студент жастардың бойында Отансүйгіштік сезімін жетілдіруде, олардың мемлекет пен қоғамның дамуындағы рөлін арттыруда, елдің болашағы жолындағы жауапкершілігін нығайта түсуде зор еңбек атқардыңыз. Университет қабырғасында

алған біліміңіз бен тәлім-тәрбиеніз бойыңыздағы жақсы қасиеттермен ұштасып, еліміздің өркендеуі мен дамуына қызмет ететін маман боларыңызға деген сенім мол. Көздеген мақсат-мұратыңызға қол жеткізіп, армандарыңыз орындалсын. Келешегіңіз кемел, болашағыңыз нұрлы болсын! — делінген алғыс хатта.

«Біздің «Сұңқар» Қазақстандағы студенттер кәсіподағының көшбасшысы деп толығымен айта аламын. Әлі мұндай жоғарғы деңгейдегі студенттік кәсіподақ қалыптасып үлгерген жоқ. Осындай биікке жетуіміз оның белсенді мүшесі бола білген студент жастар сіздер және көшбасшысы бола білген Айдана Дәуренқызының еңбегінің арқасында. Сондықтан да, бұл іс басшының жұмысты ұйымдастыра білуі мен жауапкершілігінен құралады. Айдана осы үдеден шығып, өзіне берілген міндетті толық атқарып шықты. Жаңа төрайым да осы мақсаттың үдесінен шығады деген үміттеміз», — деді «Парасат» кәсіподағының төрағасы Т. Мекебаев.

Ал ресми сайлау нәтижесі бойынша, 102 делегаттың толық қолдауымен «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының жаңа төрайымы қызметіне география және табиғатты пайдалану факультетінің 1-курс магистранты Шұғыла Бүрлібаева тағайындалды.

Жаңа төрайымның айтуынша, алдағы уақытта әлеуметтік көмек санын арттыру, университет көлемінде студенттерді жан-жақты дамытуға арналған кең көлемді іс-шаралар және қалалық және республикалық деңгейде түрлі бағдарламалар ұйымдастыру, университеттік көлемде студенттерге арналған жігерлендіру жобаларын құру көзделген.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ДӘРІС

Жуырда тарих, археология және этнология факультетінде дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының ұйымдастыруымен т.ғ.д., Тарту университетінің саясаттану институтының профессоры, «Россия и другие: идентичность и границы политического сообщества» атты кітаптың авторы Вячеслав Морозовтың «Жаһандық теңсіздікті зерттеудің заманауи тәсілдері және оның посткеңестік кеңістіктегі мәні» атты дәрісі өтті. Дәріске факультет студенттері, магистранттар мен оқытушылар қатысты.

В. Морозовтың негізгі зерттеу тақырыбы — постколониалды теория, постструктурализм, қазіргі Ресей территориясындағы идеологиялық және саяси дискурстар мәселелері.

Лекция барысында қазіргі Батыс пен Ресей арасында болып жатқан саяси жағдайлар турасында сөз қозғалып, оның салдарынан туған мәселелер айтылды. Посткеңестік елдердегі саяси жағдайларға әсер етіп отырған әр түрлі факторлар аталды. Өзі тұрып жатқан Эстония және жалпы Прибалтика елдеріне Украинада болған оқиғалардың қалай әсер еткендігінен де хабардар етті. Осы және бұдан да бөлек мәселелерді қарастырған дәріс студенттер мен магистранттар үшін тың әрі маңызды мәліметтерге толы болды.

Дәріс соңында сөз алған т.ғ.д. профессор Қ.Т. Жұмағұлов, т.ғ.д. профессор Т.О. Омарбеков, т.ғ.д. профессор Г.К. Көкебаева және дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының меңгерушісі т.ғ.д. профессор Г.С. Сұлтанғалиевалар осындай дәрістердің студенттер мен магистранттар үшін маңыздылығы жоғары екендігін атап өтіп, В. Морозовтың қара шанырақ саналатын ҚазҰУ-ға келіп дәріс оқығанына алғыс білдірді.

Аскар СПАНҚҰЛ,
тарих, археология және этнология
факультетінің 2-курс магистранты

Студенты кафедры религиоведения и культурологи организовали публичную акцию по борьбе с проявлениями экстремизма и терроризма

Продолжение. Начало на 1 стр.

Студенты КазНУ – чемпионы мира по қазақ күресі



«Ребята – спортсмены международного класса, они в отличной физической форме. Соперники особенно настраивались на бой с ними. На международных соревнованиях мы расцениваем участие

казахстанских борцов как дань уважения нашим национальным видам спорта и спортивным традициям. Гусман и Гумар – два палуана, которые прославляют страну и родной университет за ее пределами»,

– с гордостью отмечает тренер КазНУ Файзулла Қойшыманов.

Борцы являются многократными чемпионами республиканских и международных турниров, соревнований

различного уровня не только по казак күресі, но и по дзюдо. Гусман и Гумар сохраняют победный настрой и готовы побороться за золотые медали на Олимпийских играх в Токио в 2020 году.

По словам чемпионов, расслабляться они не планируют. Ближайший престижный турнир, в котором примут участие братья-палуаны, – IV международный чемпионат по казак күресі. «Мы готовы побороться за звание «Евразия барысы», – отметил Гумар Кыргызбаев.

На III чемпионате мира по казак күресі в Китайской Народной Республике приняло участие более 200 спортсменов из 28 стран. Казахстанская команда была представлена шестью спортсменами в пяти весовых категориях. Наши спортсмены завоевали 5 золотых медалей, 2 из которых выиграли студенты КазНУ.

Коллектив Казахского национального университета им. аль-Фараби поздравляет Гусмана и Гумара с триумфальной победой на чемпионате мира.

Мы гордимся Вами и Вашими высокими достижениями!

Желаем Вам крепкого здоровья и новых спортивных побед!

Айкерим КАМАЛДИНОВА

У каждого своя дорога к дому, где всегда ждет мама

В искусстве есть много направлений, у которых своя публика, но кино любят все... Кино в силу своей популярности и массовости оказывает первостепенное воздействие на умы и чувства людей.

29 сентября состоялась общенациональная премьера исторической драмы режиссера Ахана Сатаева "Дорога к матери". Студенты 1 курса факультета истории, археологии и этнологии в числе первых посмотрели премьерный показ кинокартины.

Фильм повествует о самых тяжелых годах нашей истории, на которые выпали испытания коллективизацией, джумом, Великая Отечественная война, тяготы послевоенного времени.

Человек не выбирает время, в которое ему приходится жить. Главный герой картины Ильяс прошел через очень многие испытания. На его долю выпали разлука с матерью в десятилетнем возрасте, сиротское детство в детском доме, он принимал участие в войне, был пленником в лагере для заключенных.

Такие испытания очень сложно пережить, не ожесточившись, но герой картины не сдавался и даже в чем-то остался ребенком, тоскующим без мамы. Что же придавало ему сил, помогало в жизненных испытаниях?

Сильное желание встретиться с матерью, вернуться домой на Родину в Казахстан, к самому родному человеку, давшему ему жизнь. Это придало Ильясу невероятную стойкость и мужество, и ничто не смогло его остановить.

Почти 30 лет мать ждала сына и верила, что он жив, безграничная материнская любовь помогла ее сыну выстоять в суровых испытаниях и вернуться домой.

Фильм жизнеутверждающий, ведь, в конце

концов, мать дождалась сына, они встретились. Этот фильм учит уважать матерей, заставляет о многом задуматься: о жизненных ценностях, о самых дорогих людях, переосмыслить взгляды на многое, отрешиться от ежедневных проблем и подумать о духовном.

Святая материнская любовь способна преодолевать любые преграды, добиваться невозможного. и творить настоящие чудеса. Нет ничего светлее и бескорыстнее любви матери. С первого дня рождения ребенка мать живет его дыханием, его слезами и улыбками. Мать нужна ребенку. В этом смысл ее жизни. Любовь к своему малышу для нее также естественна, как цветение садов весной. В его уста она вкладывает родной язык, вобравший богатство разума, мысли и чувства народа. Она наполняет его духовной силой, помогает постичь вечные ценности. Материнская любовь оберег для ее детей.

Идея фильма основана на реальных событиях. Родители режиссера картины Ахана Сатаева когда-то рассказали ему о женщине, которая почти 30 лет ждала своего сына. Генеральным продюсером картины стала Алия Назарбаева.

Фильм создан при поддержке Министерства культуры и спорта и киностудии "Казахфильм". Роль матери исполнила актриса театра и кино Алтынай Ногербек. Интересно, что Алтынай, сыгравшая роль Мариям, назвала свою новорожденную дочь в честь своей героини.

Также главные роли в картине сыграли



молодые талантливые казахстанские актеры Адиль Ахметов, Аружан Джазильбекова и Еркебулан Дайыров. Сценарий картины "Дорога к матери" написан Тимуром Жаксылыковым, над музыкальным оформлением работал молодой композитор Алим Заиров.

Фильм невозможно смотреть без слез. Но это слезы очищения души, катарсиса. Весь кинозал находился в едином эмоциональном состоянии, сопереживал героям картины.

В наше достаточно жесткое, прагматичное время для духовно-нравственного, художественного, эстетического и, в первую очередь, патриотического воспитания подрастающего поколения такие кинофильмы

очень необходимы. Недаром наша молодежь, представители так называемого поколения «next», ностальгирует по фильмам, на которых выросли их родители. Они остро нуждаются в кино, которое дарит желание жить и творить добро.

Хотелось бы поблагодарить создателей и актерский состав исторической кинокартины «Дорога к матери» за великолепную работу и мастерство. Думаю, что всем поколениям нашей страны нужны подобные киноленты.

С.К. УДЕРБАЕВА,

доцент кафедры истории Казахстана

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Елдана ТОҚБАЙ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана

Тапсырыс: №641

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.